«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі»ММ
Әдістеме-библиография бөлімі

# *«Замана жыршысы»*

***/халық ақыны Омар Шипиннің туғанына 145 жыл/***

**Био-библиографиялық көрсеткіш**



«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі»ММ
Әдістеме-библиография бөлімі

# *«Замана жыршысы»*

***/халық ақыны Омар Шипиннің туғанына 145 жыл/***

**Био-библиографиялық көрсеткіш**

**Арқалық қаласы 2024 жыл**

ӘОЖ 011
КБЖ 91
З 26

Құрасты., компьют. терген: С. М. Көшкінбай
Жауапты ред.: Д. Е. Құсайын

**Құрастырушы:** С. М. Көшкінбай
**Шығарылымға жауапты:** Д. Е. Құсайын
**Мұқабаны безендірген:** С. М. Көшкінбай
**Редактор:** Д. Е. Құсайын

**Замана жаршысы** [Мәтін] халық ақыны Омар Шипиннің туғанына 145 жыл толуына арналған ) : Био-библиографиялық көрсеткіш/«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ Әдістеме–библиография бөлімі ; [құраст.; С. М. Көшкінбай; шығарылымға жауапты Д. Е. Құсайын; ред. Д. Е. Құсайын]. – Арқалық : [б.б.], 2024. – 36 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме – библиография бөлімі халық ақыны Омар Шипиннің туғанына 145 жыл толуына арналған Био-библиографиялық көрсеткіш дайындады. Көрсеткішке Омар Шипиннің өмірі туралы, сондай-ақ шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

**©Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі, әдістеме-библиография бөлімі**

# Құрастырушыдан

Биыл халық ақыны 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің жалынды жыршысы Омар Шипиннің туғанына 145 жыл толып отыр. Ақынның мерейтойына орай әдістеме-библиография бөлімі **«Замана жыршысы»** атты био-библиографиялық көрсеткішін әзірлеп оқырман назарына ұсынды. Жасында ауыр тұрмысты басынан кешірген Омар ақын 1916 жылғы халық көтерілісіне белсене қатысады. Ол Аманкелді Иманов бастаған халық көтерілісі сарбаздарының бірі болады. Ақындық атағы сол көтеріліс кезінде шыға бастайды. Ол өзінің жалынды сөздерімен халықты қанаушыларға қарсы күреске шақырушы және көтерілістің мән-жайын, сипатын көпшілікке түсіндіруші үгітшінің бірі болады. Ұлы Отан соғысы жылдарында Омар Шипин өзінің жалынды жырларымен халықты еңбекке шақырып отырады. Жауға қарсы күресу үшін, оны талқандап жеңу үшін ерлік еңбек керектігін баса жыр етті.

Библиографиялық көрсеткіш «Даңқты ақын – халық жүрегінде», «Ақын шығармаларындағы Аманкелді бейнесі», «Омардың лирикалары» атты бөлімдерге бөлінген. Библиографиялық көрсеткішке Омар Шипин шығармалары, ол туралы әдебиеттер тізімі, ақынның мерзімді басылымдардағы жарияланымдары, ол туралы мерзімді басылымдардағы мақалалар тізімі хронологиялық ретпен орналасқан. «Өмірі көпке өнеге» атты бөлімінде ақын өмірінен сыр шертер фотосуреттері енгізілді. Басылым соңында көмекші құрал ретінде есімдердің алфавиттік көрсеткіштері берілген.

Басылым оқытушылар, кітапханашылар, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері, өлкетанушылар, кітапқұмарлар үшін және өзінің туған өлкесін сүюшілер мен оның тарихын толығырақ танығысы келетіндер үшін бағалы анықтамалық бола алады.

# Даңқты ақын – халық жүрегінде



Қазақстанның халық ақыны Омар Шипин Торғай уезінің Қайдауыл болысы № 7 а. туған.
1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысушы, көтеріліс жаршысы. Ауыл молдасынан сауат ашып, халық ауызындағы өлең-жырларды жаттап өскен. 1916 жылғы Торғай көтерілісіне басынан аяғына дейін қатынасып, хан штабының хатшысы болған. Ол көтеріліс күндерінде қаламы мен каруын қатар ұстап, «Арман», «1916 жыл», «Аманкелдінің айбаты», «Торғай соғысы» толғауларынан «Аманкелді батыр» дастанына дейінгі көптеген шығармаларын халықтың патша өкіметіне карсы күресіне арнады. «Патша тақтан түскенде», «Октябрь нұры», «Ақын үні» т.б. жырлармен жаңа заманды шаттана карсы алды. 1943 жылы Ленинград майданына қостанайлықтардың сәлем-сауқатын апарып қайтқан делегация құрамында болды.

Отан қорғау, бейбітшілік, тың игеру тақырыбына талантты жырларымен үн қосты. «Масаты қыз», «Қойшы Күлен», «Жеткіншек» (1954), «Сыбызғы үні», «Бес батыр» дастандарында ұлтымыздың тарихы мен карапайым халықтың ауыр тұрмысын арқау еткен. Шығармаларының 10 жинағы жарияланды. Орыс тілінде де («Стихи и песни», 1954) басылып шықты. 80 жасқа толуына байланысты мерейтойы (1959) өтті.

О. Шипин үш рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған, Ленин орденімен, Еңбек Қызыл ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі президиумының 1944 жылы 29 маусымдағы жарлығымен Аманкелді батырды есте қалдыру және атап өту жөніндегі зор еңбегі үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен және бағалы сыйлықтармен марапатталған.
1961 жылы «Қазақ ССР-інің халық ақыны» құрметті атағы берілді.

Алматыдағы орталық ғылыми кітапханада ақынның ел тарихына қатысты жинаған мол деректі материалдары мен жарық көрмеген шығармалары сақталған.

Ақын 1963 жылы Қостанай облысы, Қостанай ауданының Темірқазық ауылында дүниеден өтті.

Жазушылар одағының мүшесі, халық ақыны Омар Шипин 12 кітаптың авторы, небір додалы айтыстарда бас ақын ретінде айтыскерлердің жыр сайысында әділ бағасын, ақ батасын беріп отырған абыз ақын.

Халқымызға елеулі еңбегін сіңірген, өз уақытының замана жыршысы атанған ақын шығармалары ұлтымыздың рухына қызмет ете бермек.

## Шығармалары:

1. Амангелді батыр [Мәтін] : [дастан] // Шипин, О. Дастандар / құраст. : С. Әсіпов, Ә. Бекбаев. – Алматы, 1989. – Б. 89–167.
2. Кедей кегі [Мәтін] : [батыр А. Имановқа арналған дастан] // Шипин, О. Дастандар / құраст. : С. Әсіпов, Ә. Бекбаев. – Алматы, 1989. – Б. 207–214.
3. Таңдамалы шығармалар [Мәтін] : өлеңдер мен дастандар / О. Шипин. – Алматы : Қазмемәдеббас, 1961. – 241 б.
4. Көрсем деймін коммунизм жылдарын ; Бейбітшілік сапары ; Лисаков кені [Мәтін] : [өлеңдер] / О. Шипин // Гүлденген өлке : әдеби альм. / Қазақстан ЛКСМ облыстық комитеті ; Қостанай облыстық мәдениет басқармасы. – Қостанай, 1960. – Б. 6–7.
5. Тың үстіндегі ту [Мәтін] : өлеңдер мен дастандар / О. Шипин. – Алматы : Қазмемкөркемәдеббас, 1957. – 154 б.
6. Екі дастан [Мәтін] / О. Шипин. – Алматы, 1957. – 116 б.
7. Коммунистік партия ; Жас ақындарға [Мәтін] : [өлеңдер] / О. Шипин // Тың өлкесі : өлеңдер, әңгімелер мен очерктер жинағы / ред. Е. Арысов. – Қостанай, 1956. – Б. 5–6.
8. Туған жер [Мәтін] : өлеңдер / О. Шипин. – Алматы : Қазмемкөркемәдеббас, 1955. – 109 б.
9. Өмір өрнегі [Мәтін] / О. Шипин. – Алматы, 1952. – 87 б.
10. Халық атынан [Мәтін] : өлеңдер жинағы / О. Шипин. – Алматы, 1950. – 88 б.

***

## Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

**1982**

11. Қостанай [Мәтін] : [өлең] / О. Шипин // Коммунизм таңы. – 1982. – 3 маусым. – Б. 3.

**1959**

12. Аманкелдінің Торғай қаласына шабуылы [Мәтін] : [өлең] / О. Шипин // Коммунизм жолы. – 1959. – 17 мамыр. – Б. 4.

**1948**

13. Жерлес батырға [Мәтін] : [өлең] / Омар Шипин // Большевиктік жол. – 1948. – 9 мамыр. – Б. 1.
14. Ауыл шаруашылығының озаттарына сәлем [Мәтін] : [өлең] / Омар Шипин // Большевиктік жол. – 1948. – 4 шілде. – Б. 2.
15. Еңбекерлер құрметіне [Мәтін] : [өлең] / Омар Шипин // Большевиктік жол. – 1948. – 7 қыркүйек. – Б. 2.
16. Облыстық сессияға [Мәтін] : [өлең] / Омар Шипин // Большевиктік жол. – 1948. – 8 ақпан. – Б. 2.

17. Еңбек озаты [Мәтін] : [өлең] / Омар Шипин // Большевиктік жол. – 1948. – 7 наурыз. – Б. 2.
18. Молотов атындағы колхоз [Мәтін] : [өлең] / Омар Шипин // Большевиктік жол. – 1948. – 24 наурыз. – Б. 2.
19. Облыстық сессияға тарту [Мәтін] : [өлең] / Омар Шипин // Большевиктік жол. – 1948. – 6 маусым. – Б. 2.

**1946**

20. Жамбылдың жүз жылдығына [Мәтін] : [өлең] / Омар Шипин // Большевиктік жол. – 1946. – 12 маусым. – Б. 2.
21. Беремін мен даусымды [Мәтін] : [өлең] / Омар Шипин // Большевиктік жол. – 1946. – 5 ақпан. – Б. 2.
22. Қостанай облысының Обаған ауданы "Темірқазық" колхозындағы халық ақыны Омар Шипин мен Киров атындағы колхоздың ақыны Ақілгектің айтысы [Мәтін] / [газ. ред.] // Большевиктік жол. – 1946. – 5 қазан. – Б. 2.
23. Обаған озды [Мәтін] : [өлең] / Омар Шипин // Большевиктік жол. – 1946. – 6 маусым. – Б. 5.

**1944**

24. Ардақты Ленин данышпан [Мәтін] : [өлең] / О. Шипин // Большевиктік жол. – 1944. – 21 қаңтар. – Б. 4.
25. Аманкелді ауданының еңбекшілеріне хат [Мәтін] : [өлең] / О. Шипин // Большевиктік жол. – 1944. – 26 сәуір. – Б. 4.

**1942**

26. Алтын заң [Мәтін] : [өлең] / О. Шипин // Большевиктік жол. – 1942. – 5 желтоқсан. – Б. 4.

***

## Ол туралы әдебиеттер:

**2018**

27. Ғабдуллин, М. Он бір томдық шығармалар жинағы [Мәтін] : 6-том. Қазақ әдебиеті (орта мектептің 8-сыныбына арналған оқулық). Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес / М. Ғабдуллин.; [идеяның авт.: М. Мырзалин ; ред.: Ү. Тәжкен]. – Алматы : Идан, 2018. – Б. 167–169.

**2017**

28. Көшелердің ескі және жаңа атаулары [Мәтін] : пресс-клиппинг / Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының "Л. Н. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы" КММ, Өлкетану әдебиеттер бөлімі ; [құраст. А. С. Аманбаева ; ред. С. С. Сазанбаева ; шығ. жауапты Д. Т. Дюсибаева]. – Қостанай, 2017. – 24 б.

**2014**

29. Омар Шипин [Мәтін] : [ақын, айтыскер] // Орманов, Қ. Ел мен жер және тұлғалар тарихы : [өлкетану оқулығы] / Қ. Орманов. – Алматы, 2014. – Б. 320–321.
30. Торғай ақындарының антологиясы [Мәтін] : [шығармалар жинағы]. 2-том / [жалпы ред. басқ.: А. К. Қалиев ; құраст.: Б. Ж. Сағынтаев]. – Аркалык : Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ, 2014. – Б. 39–66.

**2013**

31. Қалиев, А. Торғай ақындық мектебі [Мәтін] : оқу құралы / А. Қалиев. – Арқалық, 2013. – 204 б.
32. Шипин Омар [Мәтін] // 2014 жылға берілген Қостанай облысының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегі : 41-шығ. = вып. 41 / [құраст.: Б. М. Әлкебаева, Ә. К. Сәлібаева, Н. В. Балдичева, Р. И. Борисенко, З. А. Варинке, Ж. С. Нам, И. А. Удовицкая ; ред. Б. Б. Сеитова]. – Қостанай, 2013. – Б. 113–115.
33. Омар Шипин [Мәтін] // Торғай елі : энцикл. / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы : Арыс, 2013. – Б. 437.

**2011**

34. Шипин Омар [Мәтін] // Айбын : энцикл. / [бас ред. Б. Ө. Жақып]. – Алматы, 2011. – Б. 835.

**2009**

35. Жақсанов, Оразалы. Естен кетпес бейне Қазақстанның халық ақыны Омар Шипин туралы сөз [Мәтін] : Шипин халыққа несімен қымбат / Оразалы Жақсанов // Қайталанбас тұлғалар : эсселер, порт. / Оразалы Жақсанов. – Қостанай, 2009. – Б. 111–119.
36. Шипин Омар [Мәтін] // Қазақстан жазушылары : анықтамалық : 75 жыл / құраст. : Қ. Саят, Қ. Жұмашева. – Алматы, 2009. – Б. 432.

**2008**

37. Қалиев, А. Торғай ақындардың дәстүрлі поэзиясы [Мәтін] : ғылыми зерттеу / А. Қалиев. – Астана : Нұра-Астана, 2008. – 160 б.

**2007**

38. Шипин Омар [Мәтін] // Қазақстан : ұлттық энцикл. : 10 т. / бас ред. Б. Аяған. – Алматы, 2007. – Т. 9. – Б. 514.

**2005**

39. Шипин Омар [Мәтін] // Қазақ әдебиеті : энцикл. анықтамалық / Б. Әбдіғазиев. – Алматы, 2005. – Б. 555.
40. Шипин Омар [Мәтін] // Қазақстан : ықшам энцикл. сөздік / бас ред. Б. Аяған. – Алматы, 2005. – Б. 537.

**1989**

41. Шипин Омар [Мәтін] // Қазақ ССР : 4 томдық қысқаша энцикл. / бас ред. Р. Н. Нұрғалиев. – Алматы, 1989. – Т. 4. – Б. 636.

**1987**

42. Советтік Қазақстан жазушылары [Мәтін] : био-библиографиялық анықтамалар. – Алматы, 1987. – Б. 700–701.

**1958**

43. Исмаилов, Е. Ақындар [Мәтін] : (Жамбыл және халық ақындарының творчествосы туралы монография) / Е. Исмайлов. – Алматы, 1958. – 340 б.

**1956**

44. Исмаилов, Есмағамбет. Омар Шипин [Мәтін] / Есмағамбет Имсаилов // Ақындар : (Жамбыл және халық ақындарының творчествосы туралы монография) / Есмағамбет Исмаилов. – Алматы, 1956. – Б. 334–335.

## Мерзімді басылымдардағы  ол туралы жарияланымдар:

**2019**

45. Сағынтаев, Батырлан. Омар мен Сойдақ Байғабылдың айтысы [Мәтін] : [ақын Омар Шипинге 140 жыл] / Батырлан Сағынтаев // Қостанай таңы. – 2019. – 25 қаңтар. – Б. 12.
46. Қорғанұлы, Қажы. Шежіре қарттың әңгімесі [Мәтін] : [халық ақыны Омар Шипиннің 140 жылдығы] / Қажы Қорғанұлы // Егемен Қазақстан. – 2019. – 28 қаңтар. – Б. 9.

**2015**

47. Қалиев, Айбек. Файзолла ақын және Алаш қайраткерлері [Мәтін] : [Торғай ақындық мектебінің өкілдері] / Айбек Қалиев // Үркер. – 2015. – № 1. – Б. 5–9.
48. Бектемісов, Асқарбек. Ата-баба аманатына адал болайық [Мәтін] : немесе жыршылық-термешілік өнері Торғай өңірінде неге өрістемей отыр? / Асқарбек Бектемісов // Үш қоңыр. – 2015. – 13 ақпан. – Б. 4 ; 20 ақпан. – Б. 4.
49. Хасенов, Ермекбай. Мұрағат сыр шертеді [Мәтін] : сарғайған газет беттерінен / Ермекбай Хасенов // Қостанай таңы. – 2015. – 17 қаңтар. – Б. 9 ; 10 ақпан. – Б. 9 ; 11 ақпан. – Б. 9.

**2014**

50. Балтабаева, Ажар. Өмірі көпке өнеге [Мәтін] : халық ақыны Омар Шипин жайлы сөз / Ажар Балтабаева // Наш Костанай. - ("Біздің Қостанай" қосымшасы). – 2014. – 11 қараша. – Б. 10.

51. Жүзбай, Айбек. Даңкты ақын - халық жүрегінде [Мәтін] : [О. Шипиннің туғанына - 135 жыл] / Айбек Жүзбай ; суретті түсірген автор // Қостанай таңы. – 2014. – 9 тамыз. – Б. 12.
52. Момунтаева, Л. Көркем әдебиетті пайдаланудың тәрбиелік маңызы / Л. Момунтаева // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. – 2014. – № 3. – Б. 49–52.
53. Сазанбаева, Салима. Халық ақыны Омар Шипинге - 135 жыл [Мәтін] / Салима Сазанбаева ; бетті дайындаған О. Отынбайұлы // Наш Костанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2014. – 4 ақпан. – Б. 8.

**2012**

54. Оспанов, Серікбай. Ыбырай Алтынсариннің ақындық ортасы [Мәтін] / Серікбай Оспанұлы // Қазақ. – 2012. – 7 желтоқсан. – Б. 7.

**2009**

55. Баймағамбетова, Ботагөз. Замана жыршысы [Мәтін] : (халық ақыны Омар Шипин) / Ботагөз Баймағамбетова // Қостанай таңы. – 2009. – 21 шілде. – Б. 8.
56. Алдабергенұлы, Қасымхан. Қыр елі де - жыр елі [Мәтін] : немесе айтыс туралы бірер сөз / Қасымхан Алдабергенұлы // Қостанай таңы. – 2009. – 31 шілде. – Б. 12.
57. Заман жыршысы Омар Шипинға арналған [Мәтін] / газ. ред. // Таза бұлақ. – 2009. – 27 тамыз. – Б. 2.
58. Сәрсенкелдин, Қойшы. Аңыз ақиқатқа жетелейді [Мәтін] : ал оның түп-тамырының қайдан шыққаны туралы болжам көп / Қойшы Сәрсенкелдин // Қостанай таңы. – 2009. – 8 қыркүйек. – Б. 5.
59. Исмағұлова, Арайлым. Дархан дала дүлдүлі [Мәтін] / Арайлым Исмағұлова // Қостанай таңы. – 2009. – 18 қыркүйек. – Б. 12.
60. Қойшыбаев, Ернияз. Табиғи талант, абзал азамат [Мәтін] : немесе халық ақыны Омар Шипин туралы бірер сөз / Ернияз Қойшыбаев // Қостанай таңы. – 2009. – 2 қазан. – Б. 2.
61. Көпжасарова, Жұмабике. Ақынға арналды [Мәтін] / Жұмабике Көпжасарова // Қостанай таңы. – 2009. – 27 қазан. – Б. 8.

**2007**

62. Хасенов, Ермекбай. Омар ақын ізі қалған [Мәтін] : [халық ақыны Омар Шипин туралы] / Ермекбай Хасенов // Қостанай таңы. – 2007. – 20 қараша. – Б. 4.

**2004**

63. Жақсан, Оразалы. Бұл қазақта Шипиндей ақын өткен [Мәтін] : [халық ақыны Омар Шипин туралы] / Оразалы Жақсан // Жас Алаш. – 2004. – 4 қыркүйек. – Б. 5.
64. Сүйінов, Есенгелді. Ақын құрметіне – шахмат мемориалы [Мәтін] : [халық ақыны Омар Шипиннің туғанына 125 жыл толуына орай шахмат мемориалы өтті] / Есенгелді Сүйінов // Қостанай таңы. – 2004. – 11 ақпан. – Б. 2.

**2002**

65. Әбділдина, А. Омар Шипин көшесінде [Мәтін] / А. Әбділдина // Қостанай таңы. – 2002. – 19 қараша. – Б. 5.
66. Алдабергенұлы, Қ. Ағаның көз алдымда күміс жүзі [Мәтін] : [ақын О. Шипинге 120 жыл] / Қ. Алдабергенұлы // Қостанай таңы. – 1999. – 1 қыркүйек. – Б. 4.

**1999**

67. Алдабергенұлы, Қ. Жарқ еткен айнадайын, айналайын [Мәтін] : [ақын Омар Шипин туралы өлең] / Қ. Алдабергенұлы // Қостанай таңы. – 1999. – 1 қыркүйек. – Б. 5.
68. Сағитова, Г. Замана жыршысы [Мәтін] : [ақын Омар Шипинге 120 жыл] / Г. Сағитова // Қостанай таңы. – 1999. – 25 мамыр. – Б. 5.





***Омар Шипин туралы лебіздер:***

«...Омар Шипин шығармашылығының негізгі өзегі - өзі куәсі болған 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс. Ақынның өмірлік басты мақсаттарының бірі – Амангелді Имановты және ол бастаған көтерілісші жауынгерлердің Ерлігін жырлау еді...»

**Айбек Қалиев,**
**айтыскер ақын, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.**



«...Омар Шипинді халық өмірімен біте қайнасқан, совет адамдарының өмірін, ерлік істерін жырлауда көп еңбек сіңірген халық ақыны деп қараймыз...»

**Мәлік Ғабдуллин,**
**академик-ғалым, жазушы.**

«...Отызда Имановты іздеп таптым – деп жырлағанындай, өткен ғасырдың басында патша жарлығына қарсы көтерілісті бастаған Амангелді Имановтай батырдың жанына еріп, елді Амангелді туының астына жиналуға үгіттеп жыр толғап, еңсесі түскендерді ерлікке шақырған ақын...»

**Қажы Қорғанұлы,**
**Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.**

## *Ақын шығармаларындағы Аманкелді бейнесі*

Халық ақыны Омар Шипиннің көптеген өлең-жырлары батыр Аманкелдіге арналған. Аманкелдінің ерлік ісін, өмірін жырлай отырып, ақын халық ісі үшін күрескен батырдың бейнесін жасайды.

Ақынның өлең-жырларында Аманкелді халық қамын ойлаушы, еңбекші бұқараны езушілерге қарсы күреске бастаушы ретінде суреттеледі. Аманкелдінің арман-мүддесі халық жауларын талқандап жеңіп, еңбекшілерге теңдік әперу екенін, қанаушыларға қарсы халықты күреске бастағанын айтады:

Құлдықтан еңбекшіні құтқарам деп...
Ерлікпен, еліңді ойлап, сарбаз жинап...

Ақын «Батырдың тойында» дейтін өлеңінде Аманкелдіні халық ісі үшін күрескен батыр бейнесінде ала отырып, оның жауларына қарсы ұрыстарда көрсеткен ерліктерін суреттеу арқылы оның батырлық образын жасайды:

Жиырма жасқа келгенде,
Жарауы түскен бурадай
Батыр болды шабытты;
Жиырма беске келгенде
Соңына ертті халықты;
Арыстандай жұлқынып,
Босатпақ болды бұғаудан,
Көрсетіп елге жарықты.
Отыз жасқа келгенде,
Ойға түсіп өзегі,
Ашылып және жабықты
Отыз беске келгенде,
Өжет жанды өр кеуде,
Қорытып ойын сарықт
Қырыққа жасы келгенде,
Қыран құстай қырланып,
Қанатын батыр қағыпты,-

деп, Аманкелдінің батырлық тұлғасын елестетеді, халықтың намысы үшін күрескен батыр етіп суреттейді.




Ақын Аманкелді образын жасағанда оны тек батыр деп қана көрсетпейді. Оның батырлығы – қалың көпшілікті соңына ертуінде, халықтың жауларына қарсы күрес ашқандығына, сол күресті басқаруында екендігін жырға қосады. Бұлай жырлау аманкелдінің батырлық бейнесін көтере, жоғарылата түседі. Ертедегі батырлар жырындағы батырлар жауға қарсы жалғыз шапса Аманкелді көпшілікті бастап аттанады, халықпен бірге болады.

Аманкелді – күрес батыры. Бұл жолда ол халыққа сүйенеді, халық күшіне сенеді. Күрес жолын күрестің мақсатын үйретуші, басшылық етуші Коммунистік партия мен Ленин болады. Ақын өзінің өлең-жырларында Аманкелдіні Лениннің шәкірті деп бейнелейді.

Сүйтіп, ақын өзінің өлең-жырларында Аманкелдіні халық батыры, еңбекші көпшіліктің ісі үшін күрескен Коммунистік партияның адал ұлы бейнесінде жырлайды.

## *Омардың лирикалары*

Омар - өзінің лирикалы өлеңдерімен халық өмірін, оның істерін, табыстары мен жеңістерін жырлауға белсене араласқан ақын. Совет адамдарының шаруашылықтағы, ел қорғаудағы, өнер-білімдегі табыстарын ақын сүйсіне жырлайды. Бұларды өз атынан жырлай отырып, халықтың қуанышын, шарықтаған сезімін білдіреді. Ол халық өміріндегі әрбір жаңалыққа ақындық үн қосады. Бұл ретте оның көптеген өлеңдері үгіт-лирикалары бар.

Еңбек адамдарының советтік дәуірдегі табыстарына масаттанған ақын «Жиырма бес жыл» дейтін өлеңінде:

Айбыны асқан большевик
Ашты, халық, бағынды.
Қырандай ұшып қанатпен
Аспанда қақтың дабылды.
Асқар тауды ақтарды
Ұл-қыздарым қажырлы...

Асықтай атты адырды...

деп бастайды да, Коммунистік партияның басшылығы арқасында қолымыз жеткен табыстарды жырлайды. Ол табыстарды тек санап өтпейді, көркем сөздің асылымен мәнерлеп, толқындата суреттейді. Әдемі теңеу, метафора, эпитеттерді қолдана отырып, жыр нөсерін төгеді. Аз сөзбен көп мағына беріп отырады.

Ақын совет адамдарының жеңістерін жырлаумен қатар, сол жеңістердің оңайлықпен келмейтіндігін, табысқа ие болу үшін көп еңбек сіңіру керектігін аңғартып отырады. Бұл ретте оның көбірек көңіл бөлетіні өзіне таныс колхаз өмірі болып келеді.

Өмірден алған тәжірибесі мол қарт ақын колхоз шаруашылығын нығайту ісіне қоғамдық қызметімен ғана емес, өлең-жырымен де белсене араласады. Қайткен күнде егіннен мол өнім алуға болады, қайтсе мал басым өседі деген секілді сұрауларға ақын жауап іздейді. Сол жауапты өлеңмен беруге тырысады. Мәселен, «Төрт түлік» дейтін жырында әрбір түліктің шаруашылықтан алатын орны, қызметі, пайдасы қандай екенін даралап суреттейді. Төрт түлік жайындағы халықтың ертеден келе жатқан жақсы ұғымдарын жырлайды, әрбір түліктің шаруашылықтан алатын орны, атқаратын қызметі, пайдасы қандай екенін даралап суреттейді. Төрт түлік жайындағы халықтың ертеден келе жатқан жақсы ұғымдарын жырлайды, әрбір түлікті өсіру, күту үшін не істеу керектігін айтады. «Өркендесін төрт түлік» дейтін өлеңінде төрт түлік жайын айта келіп, оны өсіру үшін қандай шаралар қолдану керектігін сөз етеді. Осы өлеңде:

Биыл қыс күз басынан түсті ерте,
Қардан тон, жер жамылды мұздан көрпе.
Жұмысқа қажымаңдар, арыстандар,
Жарқылдап найзағайдай бұлтты серпе, -

деп ақын сөзін жылқышыларға, малшыларға арнайды.

«Егіске ерте дайындал» деген өлеңінде ақын егіннен мол өнім алу үшін қандай шаралар қолдану қажеттігін жыр етеді.
Егіннен мол өнім алу үшін:

Қар тоқтатып қажымай,
Қамалдай соғып шебіңді,
Тұқымды толық тазалап,
Себіңдер ерте егінді, - деп жырлайды.

Ақынның шаруашылық тақырыбына шығарған өлеңдерінің көпшілігі, жоғарыда көрсетілгендей, үгіт-насихат түрінде келіп отырады. Мұндай лирикалы үгіт өлеңдер халықты еңбекке жұмылдыруға көмектеседі, шаруашылықты өркендете беру ісіне насихаттайды.

Қорыта келгенде, Омар Шипинді халық өмірімен біте қайнасқан, совет адамдарының өмірін, ерлік істерін жырлауда көп еңбек сіңірген халық ақыны деп қараймыз.

**Мәлік Ғабдуллин,**
**академик-ғалым, жазушы.**

*Ақын Омар Шипин шығармалары:*









# Өмірі көпке өнеге



**Халық ақыны Омар Шипиннің 135 жылдығына орай ақынның туған-туыстары мен жыр сүйер қауым Ы. Алтынсарин мемориалдық мұражайында бас қосты. Немересі Мұхаметқали Шипин ақынның өмірінен сыр шертер фото шежіремен таныстырды.**



**Бұл кеште жасы тоқсанға таяған Омар Шипиннің келіні Шәруан Нұрғазықызы қатысып, тұлғаның ұлағатты істерін кейінгі жастарға әңгіме арқауына айналдырды.**

***Ақын Омар Шипин шығармашылығы туралы жазылған әдебиеттер***





***Жазушылар одағының мүшесі, Халық ақыны Омар Шипин академик-жазушы Сәбит Мұқанов пен оның жолсерігінің ортасында өткен күндерден сыр шертуде***



**Қостанай қаласындағы Омар Шипин атындағы көше**

# Ақын шығармалары

## АМАНГЕЛДІ БАТЫР
(ҮЗІНДІ )

### ТАТЫР СОҒЫСЫ

Торғайға қарап аттанған,
Ткаченко жауыздың,
Еситеді сарбаз хабарын.
Өткізбеуге Торғайға,
Қарауылшы жіберді,
Қимаққа жаудың қадамын.
Аттарын ерттеп даярлап,
Қостарын кейін қалдырып,
Қоржынға салып тамағын,
Мың басы мен сарғаскер,
Жүзбасылар түзетті,
Соғыстың қару-жарағын.

Мылтықтарын оқтатып,
Қылыштарын қайрасып,
Найзаның сүртіп таттарын,
Беліне байлап қанжарын.
Туларын алып қолына,
Тұман қылды тозаңды,
Торғай өзен алабын.

* * *

Қарауылшы көріпті,
Келе жатыр көп солдат,
Қара жолдың үстінде,
Қостанайдан шығатын,
Анық көзбен көрген соң,
Солдаттарды білген соң,
Қамшы басып шу деді,
Топтан озған жүйрік ед,
Астындағы тұлпары,
Ұшқан құстан озатын,
Құтылад деп жіберген,
Жау болса егер қуатын,
Екі жүздей шақырым,
Қарасай мен Татырдың,
Жетіп келді сарбазға,
Ішінде екі сағаттың.

* * *

* * *

Жау келді жақын деген соң,
Ерлер мініп атына ,
Сарысудың өтті белінен,
Тозаң шықты аспанға,
Қаптай сарбаз шапқанда,
Алқаудың биік дөңінен.
Өшігіп жүрген батырлар,
Қорқар емес өлімнен.
Амангелді алдында,
Әсемқазы, Әбділда,
Үрімбаев Қиякбай,
Бұл сапардың ерлері,
Тыным ұлы Омармен.

* * *

Қалың солдат оқ атты,
Солдаттарды қырмаққа.
Қарсы шығып сарбаздар,
Бәрі тегіс қойды атты,
Есік-есік дал-дал қып,
Найзаменен солдаттың,
Жетеуін шаншып құлатты.
Қолға түскен қарулар ,
Жеті мылтық, төрт қылыш,
Тағы да алды төрт атты.
Қазақтан өлді он адам;
Қатын менен балаға,
Зеңбірек атып, доп тастап,
Солдаттар қойдай шулатты.
Жолды тастап солдаттар,
Бұрыла қашып түнімен,
Қалаға келді таңертең,
Қалаға кіріп кеткен соң,
Сарбаздар қайтты қосынан,
Мақсаты болмай іздеген.

## СЫРТТАН ҮКІМ

Патша түсіп тағынан,
Таң атып, елге күн шығып,
Сарбаздың көңілі тасыды.
Торғайдың уезд бастығы,
Бір күні жансыз арқылы,
Хабар келді батырға:
«Алты жүздей солдат бар,
Осы күнде Торғайда.
Жаңа болған әкімдер,
Ұстатып сені солдатпен,
Құрдырмақ саған сот.
Аяқтан сені алды деп,
Жау жағадан алғанда,
Сенен алмақ кектерін,
Қамданбай қалма арманда!»

* * *

Естіп батыр хабарды,
Сарбазды тегіс жинатып,
Ақылдасты бәрімен...
Амангелді сөйледі:
- Барамын мен Торғайға,
Жүз шамалы кісімен,
Май жұлдызы ішінде.
Таңдап алды жігітті,
Сарбазының ішінен...

* * *

Алты жүз солдат бастығы,
Батырдың атын жетелеп,
Пәтерге жақсы түсірді.
Түскенін айтып патшаның,
Жаңа болған заң түрін,
Халыққа тегіс естіртті.
Өлген адам, қалған мал,
Өртенген үй бәрін де,
«Манапас» қылып кеширді.
Айтты батыр солдатқа:
Теңеледі кедейлер,
Айтатыным мен сізге,
Әйелі күң, өзі құл,
Байларға жүріп неше жыл,
Жаншылып саздай езілді.
Теңесе менің сөзім жоқ,
Ықтияр беріп басына,
Еңбекші қалың елімді.

* * *

Өткен қыстың ішінде,
Ішке батыр жіберген,
Жангелдіұлы Әлиді.
Амангелді батырдың,
Жолдасы деп жіберген,
Іштен хабар білуге.
Патшаның тақтан түскенін,
Айтуға келе жатқанда,
Байлар мен әкім қас болып,
Жаптырған екен түрмеге.
Солдатпенен танысып,
Қағаздасып жатқанда,
Жатқанын естіп Әлидің,
Түрмеден батыр алдырды.

* * *

Солдаттармен шарттасып,
Сөзді жазып жоғарғы,
Екі жағы мөр басты.
Қағазды алып батырдан,
Көңілі тынып солдаттың,
Жер-жеріне тарасты.
Сарбазға тұзақ құрмаққа,
Торғайдың әкім байларын,
Алашшылдар жинатты.
Ең бастысы Дулатов,
Тоқтабаев, Құлжанов,
Жүз шамалы кісіге,
Билік айтып мөр басты.
Амангелді бірінші,
Алпыс кісі жолдасы,
Алдырмақ боолды сарбазды.
Айтқан сөзі жаулардың:
- Бұлар елде жүргенде,
Түбімізге жетеді.
Сондықтан Амангелдінің,
Жоялық көзін деседі.
Қалған қатын баласы,
Ықтияр жоқ басында,
Байларға қызмет етеді.
Ақылдасып күн бұрын,
Малын салып талауға,
Адамдарын тоздырсақ,
Кегіміз сонда бітеді.
Қолдарын қойып жауыздар,
Мөрін басып әкімнің,
Бітіріп алды жұмысын.
Тоқтабаев, Құлжанов,
Баязит, Сүйін, Дулатов,
Батырға сырттан сот құрып,
Жасады айып актысын.
«Елді шаптың бүлдіріп,
Шығынын өзің төлейсің», -
Деп алаштар жиналып,
Батырға келіп естіртті.
Істеген бұлар актысын –
Қағазды бұлар қолға алып,
Жыртып-жыртып тастады.

- Мен жазықты не үшін?
Торғайды шаптым қолменен,
Қарсы тұрып патшаға,
Еңбекші қалың ел үшін.
Солдатты бастап ел шауып,
Жетпіс кісім өлген соң,
Сүйіннің алдым жылқысын.
Жай жүрмеген себептен,
Нұрқан мен Сейіл өлгенін,
Өздерің де білесің.
Қызыл қанға малам – деп,
Суырып алды қылышын.
Орыс, қазақ жиналған,
Бәрі де тіл қатпады,
Батырдың түсін көрген соң.

***Қостанай облысы Обаған ауданындағы «Маяковский» совхозы Арыстанкөл сегізжылдық мектебіне ақынның арнаған құттықтауы.***

Ертеде қалған елміз шеткеріде,
Ғылыммен құлаш создық көктегіге
Совхозда Маяковский шашу
шаштым,
Екінші бөлімшенің мектебіне.
Біраз жыл бірінші боп тұрды мектеп,
Балалар алға аспады шегіншектеп.
Ішінде екі жылдың оза шауып,
Мектептен өз қатарлы озды өктеп.
Мектепке келіп кетті көп деректір,
Көңілсіз көзі соқыр, тілдері өткір.
Қираған моншасына қырын қарап,
Жатушы ет үйлерінде індей түпкір.
Әкелді оқу бастық директор жас,
Аз сөйлеп, көп тыңдайтын
боларлық бас.
Ішпейді, ешуақытта ішкізбейді,
Жеңілдік еткендермен қаны да қас.
Көрген соң ол моншаны құлап
қалған,
Ішіне тышқан індеп ұя салған.
Қасынан құдық қазып, монша салып,
Жұлдызын балалардың туғызды
оңнан.
Балалар шағаладай шаңсыз әппақ,
Шаттанып қол ұстасып, айтып
тақпақ,
Ыбырай Алтынсарин өлеңдерін
Жаңылмай жанын салып алған
жаттап,
Салдырды қолдан мектеп, кесек
құйып,
Қалатты қабырғасын шебер жиып.
Көрнекті көк бұлтпен тең биіктігі,
Іркілмей бес жүз бала оқыр сыйып.
Орнатты балаларға арнап бақша,
Шығарып мұғалімдер өздері ақша,
Суарып сумен еккен қарбызының
Әрбірі алтын пұттық, симас қапқа,
Бақшаға қайың, терек, екті
шырғай,
Жайқалған жапырағы қызыл тудай.

Жарыспен жаппай тұрып
мұғалімдер
Қарайды басшыларын Шолпан
тумай.
Оятты артық істер ақын картты,
Халыққа директордың қадірі артты.
Тойына Октябрьдің – мұғалімдер
Табыстан таң қалғандай тарту
тартты.

## Алпыс жыл бұрынғы айтыс



1958 жылдың қоңыр күзі Қостанай өлкесіне зор қуанышын ала келген еді. Мәскеуде өткізілетін қазақ әдебиеті мен өнерінінің онкүндігі құрметіне облыс ақындарының айтысын өткіземіз деп жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген жігіттердің біразы ертең бақ сынамақ.

Облыстық «Коммунизм таңы» газетінің қыз-келіншектерін күлкіге қарқ қылып тұрған бұл суреттегі жігіт – халық ақыны Омар Шипин, «қаршығадай Қауаз» деп атаған Тәжімақин Қауаз. Жаңадан өркен жайып, кеншілердің ордасына айналып келе жатқан Рудный қаласының атынан айтысатын өнерлі жан таба алмаған соң, сол кезде облыстық мәдениет басқармасының бастығы қызметін атқарып, әрі айтысты ұйымдастырып, мұрнына су жетпей жүрген Қауаз аға айтысқа өзі шыққан.  Айтыс басталып, бір-біріне сыры мәлім

сәйгүлік ақындар кестелі сөзді кесегімен төгіп, халықтың ықыласына бөленіп жатыр. Бір кезде Қостанай мен Рудный қаласы ақындары шығатынын хабарлады. Қауаздың қарсыласы – «Коммунизм таңы» газеті әдебиет және мәдениет бөлімінің меңгерушісі Мүсілім Досмағамбетов. Екі ақын бір-бірін аңдысып, қалалардың кемшіліктерін айтып отырады. Рудный жас қала болғандықтан кем-кетігі молдау. Бірақ ғасырға жуық тарихы бар Қостанайдың да кемшілігі әр жерден көрініп тұрады. Наримановкадағы жеті жыл салынып, бітпей жатқан көпірді айтқанда көпірден әбден зәрезап болған халық көтеріліп, қошеметтей жөнеледі. Сөйтіп, Жеңіс Рудный қаласының ақынына беріледі.

**Қажы ҚОРҒАНҰЛЫ,**
**тележурналист, Қазақстанның**
**еңбек сіңірген мәдениет**
**қызметкері**



**Ақын немересі Мұхаметқали Шипин**




**Халық ақын Омар Шипиннің бейіті**

## Есімдердің алфавиттік көрсеткіші


Алдабергенұлы, Қ. – 56,65-67
Әбділдина, А. – 65
Баймағамбетова, Б. – 55
Балтабаева, А. - 50
Бектемісов, А. – 48
Ғабдуллин, М. – 26
Жақсанов, О. – 35, 63
Жүзбай, А. – 51
Исмағұлова, А. - 59
Исмайлов, Е. – 43, 44
Көпжасарова, Ж. – 61
Қалиев, А. – 31, 37, 47
Қойшыбаев, Е. – 60
Қорғанұлы, Қ. – 46
Момунтаева, Л. – 52
Орманов, Қ. – 29
Оспанов, С. – 54
Сағитова, Г. - 68
Сағынтаев, Б. - 45
Сазанбаева, С. - 53
Сәрсенкелдин, Қ. - 58
Сүйінов, Е. – 64
Хасенов, Е. – 49, 62
Шипин, О – 1-10, 11-26

## *Мазмұны*

1. Құрастырушыдан........................................................................5
2. Даңқты ақын – халық жүрегінде....................................................6
3. Шығармалары...........................................................................7
4. Мерзімді басылым туралы жариялымдары......................................7-8
5. Ол туралы әдебиеттер......................................................................8-10
6. Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары................................11-12
7. Омар Шипин туралы лебіздер............................................................13
8. Ақын шығармаларындағы Аманкелді бейнесі...............................14-15
9. Омардың лирикалары....................................................................16-18
10. Ақын шығармалары......................................................................19
11. Өмірі көпке өнеге.........................................................................20-30
10. Есімдердің алфавиттік көрсеткіші.................................................... 31

***Құрастырушы: Көшкінбай С. М.***
***Мұқабаны безендірген: Көшкінбай С. М.***
***Редактор: Құсайын Д. Е.***
***Шығарылымға жауапты: Құсайын Д. Е.***
***Басуға қол қойылды 01.08.2024***
***Таралым 5***
***Басылым: ксерокс***

***Біздің кітапхананың мекен-жайы:***
***110300, Қостанай облысы,***
***Арқалық қаласы, Родина ауылы***
***Гагаринакөшесі, 21. Тел. 2-10-18***
***E – mail:cbs10@mail.ru***

